ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН






SARYARQA

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

# А1

*қарапайым деңгей*

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

ВЕБ-САЙТ | YOUTUBE | ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ АУДИО ҚОСЫМШАСЫ



Мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ✧ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖК

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені**

*А1*

*қарапайым деңгей*

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

LIVEWORKSHEETS

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

**Кеңесші, пікір жазғандар:**
З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

**Авторлары:** Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы
**Көркемдеуші дизайнер:** А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.
Қарапайым деңгей (А1)
2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023
© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

LIVEWORKSHEETS

5 САБАҚ

## III МОДУЛЬ. ОТБАСЫ

# ТУҒАН КҮНІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

### 1. Оқыңыз.

Сіздің туған күніңіз қашан?
Менің туған күнім
*жаз+**да**/қыс+**та**/күз+**де**/көктем+**де***
*мамыр+**да**/қаңтар+**да**/қазан+**да**/*
*3 мамыр+**да**/ 14 ақпан+**да***

**Жатыс септік**
***қашан?***
**Зат есім +**
**(-да, -де; -та, -те)**

### 2. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

**-да, -де** **-та, -те**

**қыс+та**
көктем_____
күз_____
жаз_____
сенбі_____
жексенбі_____
сейсенбі_____

14 шілде_____
5 қаңтар_____
1 сәуір_____
осы ай_____
келесі апта_____
қараша_____
желтоқсан_____

маусым_____
ақпан_____
мамыр_____
тамыз_____
қыркүйек_____
қараша_____
сәуір_____

### 3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Сіздің туған күніңіз қашан?
Әкеңіздің туған күні қашан?
Анаңыздың туған күні қашан?
Балаңыздың туған күні қашан?
Досыңыздың туған күні қашан?
Әріптесіңіздің туған күні қашан?
Ағаңыздың туған күні қашан?

*Менің туған күнім 1 мамырда, көктемде*
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Менің туған күнім мамырда.
Әкемнің туған күні 1 қазанда.
Анамның туған күні 17 қыркүйекте.
Баламның туған күні 25 тамызда.
Досымның туған күні 2 қазанда.
Әріптесімнің туған күні жазда.
Ағамның туған күні 30 сәуірде.

*Сенің туған күнің қашан?*
_____
_____
_____
_____
_____
_____

Менің туған күнім қыркүйекте.
Әкемнің туған күні желтоқсанда.
Анамның туған күні көктемде.
Баламның туған күні жексенбіде.
Досымның туған күні қыркүйекте.
Әріптесімнің туған күні 29 шілдеде.
Ағамның туған күні 15 сәуірде.

*Сіздің туған күніңіз қашан?*
_____
_____
_____
_____
_____
_____



LIVEWORKSHEETS

## 4. Мәтінді оқыңыз.




Кеше Фаризаның туған күні болды. Фариза туған күнін достарымен, отбасымен, туыстарымен тойлады. Фаризаға бәрі тілек айтты, сыйлықтар берді. Фаризаның әкесі былғарыдан сөмке сыйлады. Бұл оған үлкен тосынсый болды. Олар «Тұран ел» мейрамханасында атап өтті. Достары оған үлкен торт пен әдемі гүлшоғын сыйлады. Ата-анасы былғары сөмке, сіңлісі, көйлек сыйлады. Қонақтар тілек айтты, ән айтты, би биледі, альбом көрді.

## 5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1.Фаризаның туған күні қашан болды?

___________________________

2.Туған күніне кімдер келді?

___________________________

3.Оған қандай сыйлықтар берді?

___________________________

4.Фаризаға кім, қандай тосынсый жасады?

___________________________

5. Анасы оған қандай сыйлық берді?

___________________________

## 6. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| ұзақ | күн |
| зор | жасау |
| табысты | беру |
| мол | махаббат |
| мөлдір | еңбек |
| сыйлық | денсаулық |
| тосынсый | өмір |
| туған | бақыт |

## 7. Құттықтаухатты оқыңыз.

***Құттықтаухат!***

*Құрметті құрбым Фариза, туған күнің құтты болсын. Саған зор денсаулық, ұзақ өмір, мол бақыт, мөлдір махаббат, табысты еңбек тілеймін. Бақытты бол, бай-қуатты бол! Мен туған күніңе келе алмаймын. Алматыда іссапардамын. Кездескенше, Фариза)))*

***Ізгі ниетпен: құрбың Нұрай***

***15.05.23***

**Жаңа сөздер**

тосынсый
ұзақ өмір
мол бақыт
табысты еңбек
зор денсаулық
мөлдір махаббат
бақытты бол
бай-қуатты бол

## 8. Берілген сөз орамдарымен сұқбаттасыңыз.

Сізге ұзақ өмір тілеймін.

Сіздің туған күніңіз қашан?

Тосынсый жасаймын.

Туған күнің құтты болсын!

Туған күніңе барамын.

Туған күніңіз құтты болсын!

Әкеңіздің туған күні қашан?

Балаңыздың туған күні қашан?



LIVEWORKSHEETS